

MEDIEVAL HISTORY OF CENTRAL EURASIA



№2 (4) 2023





MEDIEVAL HISTORY OF CENTRAL EURASIA

Has been published since 2020

No. 2 (4) 2023

Astana 2023

EDITOR-IN-CHIEF:

PhD, Assistant Professor
Kariyev E.M.

EDITORIAL BOARD:

Qydyráli Darhan	Doctor of Historical Sciences, Professor (Kazakhstan)
Muminov A.K.	Doctor of Historical Sciences, Professor (Kazakhstan)
Samashev Z. S.	Doctor of Historical Sciences, Professor (Kazakhstan)
Abuseitova M. K.	Doctor of Historical Sciences, Professor (Kazakhstan)
Sabitov Zh. M.	PhD in Political Science (Kazakhstan)
Golden Peter B.	Dr., Professor (USA)
Kradin N.N.	Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)
Erdélyi István	Doctor of Historical Sciences, Professor (Hungary)
Uzelac	PhD in History (Serbia)
Aleksandar	
Mirgaleev I. M.	Candidate of Historical Sciences (Russia)
Zaytsev I. V.	Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)
Petrov P.N.	Candidate of Historical Sciences (Russia)
Nagamine	PhD in History (Japan)
Hiroyuki	

Editorial address: 8, Kabanbay Batyr avenue, of.316, Nur-Sultan, Kazakhstan, 010000
Tel.: (7172) 24-18-52 (ext. 316)
E-mail: medieval-history@isca.kz

Medieval History of Central Eurasia
Owner: Astana International University
Periodicity: quarterly
Circulation: 500 copies

CONTENT

Д.Б. Самратова, Ж.К. Елемесова, Э.Г. Байболов ИЗУЧЕНИЕ ДРЕВНЕТЮРКСКИХ ПОГРЕБАЛЬНО-ПОМИНАЛЬНЫХ ПАМЯТНИКОВ НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ: ОСНОВНЫЕ РЕЗУЛЬТАТЫ И КОНЦЕПЦИИ КАЗАХСТАНСКОЙ НАУКИ	5
Ж.И. Ахан КЕЙІНГІ ОРТАҒАСЫРЛАРДАҒЫ ЖӘНЕ ЖАҢА ЗАМАНДАҒЫ БӨКЕЙ ОРДАСЫНДАҒЫ ИСЛАМ ДІНІ (1801-1917 жж.).....	16
Y.M. Kariyev, D.T. Tleugabulov, A.T. Dukombayev, D.B. Samratova, T.V. Brynza, A. Abu HISTORIOGRAPHY, TASKS AND PROSPECTS OF RESEARCH ANCIENT, MEDIEVAL AND ETHNOGRAPHIC TIME MONUMENTS OF SHUBARAT AND MOLALY	26
А.А. Молдахмет, А.Х. Хурметбек ГОРОДА ЭПОХИ ЗОЛОТОЙ ОРДЫ В НИЖНЕМ ТЕЧЕНИИ РЕКИ СЫРДАРЬЯ: ИСТОРИОГРАФИЯ, НЕКОТОРЫЕ РЕЗУЛЬТАТЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ	44

КЕЙІНГІ ОРТАҒАСЫРЛАРДАҒЫ ЖӘНЕ ЖАҢА ЗАМАНДАҒЫ БӨКЕЙ ОРДАСЫНДАҒЫ ИСЛАМ ДІНІ (1801-1917 жж.)

Ж.И. Ахан

Астана халықаралық университетінің Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар
жоғарғы мектебі, Астана, Қазақстан
E-mail: Akanovzharas@mail.ru

Аңдатпа. Ресей үкіметінің сыртқы саясат ықпалынан қазақ халқына мұсылман дінін қолдаған мақсатпен отаршылдық идеологияны жаңа қырынан көтергені анық. Бұл істерде арнайы дайындалған татар молдаларынан жасақталған топты қазақ даласына жіберіп, патшаға бағынудың жаңа формасын қалыптастыру әрекеттері орын алған болатын. Аталмыш мақсатты Ресей үкіметі Бөкей Ордасында хан, сұлтандар ықпалымен атқарқысы келді. Сауат ашу мектептерінде бастапқы мерзімдерде мұсылман дінін кірістіре, кейіннен орыс тілін міндеттей отырып, христиандандырудың жаңаша формасына мектептер арқылы жол сала білді.

Түйін сөздер: Бөкей Орда, Ресей үкіметі, Орынбор мүфтилігі, тағайындалған молдалар, мешіт, ахун.

КІРІСПЕ

XIX ғасырда мұсылман дінінің дамуы Бөкей Ордасында белсенді жүргізілді. Жәңгір хан өзіне қарасты далада исламның таралуын мақсатты түрде жүзеге асырды [1].

Білім берер алдында Бөкей Ордасындағы тұрғындардың арасында ислам позициясы өте әлсіз болды. Мәдениет қызметкерлері – молдалар аз болды, және негізінен қазан татарлары болды. М.С.Бабажанов 1861 жылы «Сібір арасында» басылған «Қырғыздар туралы қырғыз ескертпесі» деген мақаласында XIX ғасырдың 30-жылдары молдалар аз болғанын жазады. «Қандайда бір қырғыз қайтыс болған жағдайда оған мұхаммед заңдары бойынша жаназа дұғасын оқыту үшін марқұмның туыстары 50, 100 немесе 150 верст (қашықтық) жүріп молда іздегендігін айтады» деп жазады. Ол молдадан аздап сабақ алғандарға, кейде тіпті балаларға да жаназа дұғасын оқытқан деп мысал келтіреді[2]. Бөкей Орданың талпынысының нәтижесінде оған қарасты шекараларда молдалар саны өсті. Мұны замандастары белгілеп көрсетті. Мысалы, М.С. Бабажанов «Оралдың ар жағындағы қырғыздарда да молдалар туралы түсінік болды, бірақ онда олар өте сирек және байқалмайтын болды» деп көрсетеді. Александр Терещенко 1853 жылы «Московитянин» журналында жариялаған «Дешті-Қыпшақ ізі және Ішкі қырғыз-қайсақ ордасы» деген еңбегінде мынаны хабарлайды: «Жәңгір рухани білімге барлық талпыныстарды жұмсап және өз қырғыздарын Орынбор мектептеріне және әр

түрлі жерде тұратын жақсы молдаларға балалармен қатар үлкендерді де оқуға берді. Жиырма жылдық талпынысының арқасында ол мақсатына қол жеткізді. Жергілікті молдаларға киіз үй және бас мешіт жанынан орын берілді. Қазіргі уақытта Ордада мыналар бар: бірнеше молда мен ахун, Ордада 139 молда, әрқайсысына 170 түгін» [3, 861 б.]. Шынында, құжатпен рәсімделген 139 молда табылмады. 1850 жылы 23 желтоқсандағы «Ішкі Орданы басқару бойынша Уақытша Кеңестің Орынбор шекара комиссиясындағы діни кітаптар және Ішкі Ордадағы молдалар туралы хабарламасында» қазақ рулары мен бөлімшелерінде 113 молданың тізімі келтірілген [3, 776-779 бб.]. 1845 жылғы қарашадағы Әділ сұлтанның хабарламасында 130 молданың (әрбір руда бірнеше молдадан) тізімі көрсетіледі. Сонымен қатар, құжатта тағы Ордада тұратын үш мәдениет қызметші және ордалық мешіттегі қызметшілер көрсетіледі [3, 721 б.]. М.С. Бабажанов молдалардың саны туралы мынадай мәліметтер келтіреді: «Сол кезде әрбір 25 түгінге бір молда және медреседен келді». Осыдан түйетініміз, Бөкей хандығындағы молдалар саны кейбір басқа қазақ аудандарына қарағанда өсті. «Источники о кочевом и оседлом населении Казахстана и Киргизии XIX в.: численность и этнический состав» деген еңбегінде Н.Е. Бекмаханов Қарқаралы округіндегі Сібір қазақтары облысында 60 жылдары 17 болысқа тек бір молдадан келгені туралы мәліметтер келтіреді [4].

А.Терещенко еңбегіндегі жергілікті қырғыздардың орнын молдалар басты деп суреттейді. Бөкей Ордасының ханы Жәңгір XIX ғасырдың 30-40 жылдарының өзінде діни салада «Даладағы татарлануға қарсы жүрістің» екі-үш онжылдыққа алдын орап «антитатарлы» саясат шығара бастады. Ислам дінінің қағидасын оқыту үшін кейбір қазақтар өздерінің балаларын аймақтағы атақты мұсылман білім орындарына жіберді. «Көбісі, Стерлитамак уезіне Ишан мырзаға құлшылыққа және оқуға барды», - деп жазады М.С. Бабажанов. Жәңгір хан да бұған үлгі болды: «Барлық Орынбор губерниясында ислам қағидаларын жақсы оқытатын Стерлитамак уезінде «Ишан» деп аталған молдаға хан бірнеше қырғыз баласымен бірге өз балаларының біреуін оған оқуға жібереді». Бұл жерде мақала авторы өз ұлдарының бірі деп Ескендірді меңзеп отыр. Ол Ескендірге жол көрсетуші бір баланың алдағы тағдырынан қызықты мәліметтер келтіреді. Айжарық атты бұл бала Стерлибашев ауылында оқуын бітірген соң Бұқараға білімін аяқтауға барады. 1894 жылы ол Орынбор арқылы Ордаға оралады, бірақ оған шетелден білім алып келгесін Ордаға кіруге рұқсат бермеді, тек Орынборда бір жыл тұрып, сосын Бұқараға қайта оралуы керек болды.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Жәңгір ханның жанындағы молдалардың құқықтары мен міндеттерін М.С. Бабажанов былай сипаттады: «Оның жанындағы молдалар «нұсқаушы молда» қызметі мен атағын иемденді; олар балаларды оқытуға, қайтыс болғандарды жерлеуге және некеге тұру рәсімдерін өткізуге, сонымен қатар

жаңа туылған қырғыздарға жағымды (дұрыс) есімді қоюды қадалауға міндеттелді. Сонымен қатар, молдалар малдан алым төлемеуге және тән жазасынан құтылды». Молда қызметіне тағайындалғандар ханнан 10 бөлім тұратын өзінің қызметтері жазылғын ашық бұйрық алды [5]. Алғашқы екі бөлімінде: «1) Мешіттер мен училищелер салу, отырықшы халық тобында болу, апталық және жылдық мерекелерді тойлау. Кішкене балаларды сауаттылыққа үйрету, біздің дініміз бойынша әрбір күн құдайға құлшылық етуге күштеу және ораза ұстау. Жұма күні және басқа да жылдық мерекелерде құлшылық кезінде имам болуға, аяқталғаннан соң қарапайым қырғыздарға менің жанымдағы ахундардан берілетін формамен үйрету. 2) Қарапайым және бейхабар қырғыздарға біздің діннің қағидаларын түсіндіру; жаңа туылғандарға жақсы есім беру; ұл балаларды сүндетке отырғызу; ажырасқандарды қосу; міндетті салтпен қайтыс болғандарды жерлеу.

Сонымен, молдалардың қызметіне діни шаралармен қатар бала оқыту ісі де кірді. «Медреселерде және жеке училищелерде, сұлтан руларында және атаулы рубасыларында молдалар әр қыста қырғыз балаларын сенім қағидалары мен жазуға үйретеді», - депті Орынбор шекара комиссиясының кеңесшісі И.М. Бикмаев [3, 707 б.]. «Осы уақыттың өзінде (мақаланың мәтінінде 30-40 жылдар қарастырылған – А.Н) Ордадағы әрбір ауқатты және беделді адамдарда үй мектептері болды және олардың әрқайсысында 10-нан 70 адамға дейін оқыды» - дейді, М.С. Бабажанов.

Молдалардың қызметі тек рухани саламен қатаң шектелді. Сот істерін шешу олардың құзыретіне кірмеді, мысалы, Ішкі Орданы басқару бойынша Уақытша Кеңестің жеткізуі бойынша: «Жеке қасиеттеріне байланысты ордалықтар арасындағы сенім мен құрметті алған молдалардың әрбірі іске келгенде ордалық отбасылардың арасындағы істе еш ықпалы болмайды, жергілікті басқарма және Кеңес істерін шешу және аяқтауда бір-біріне талап қоймады» [3, 775 б.].

Жәңгір хан молдалардың міндетіне қарамағындағы тұрғындар туралы мәліметтер жинағын реттеу үшін метрикалық кітаптарды жүргізуді қосқысы келгендігі жөніндегі мәліметтер бар. 1838 жылдың өзінде мұсылман тұрғындарына да метрикалық кітапты енгізу жүйесінің таралуы туралы Сенаттың бұйрығы жарияланды. Бұйрық бойынша, метрикалық кітапқа туылу, өлу, некелесу туралы мәліметтер енгізу қаралды. Ханның бұл Сенат бұйрығын орындауға талпынысын, мысалы, Сакакова бөлімінен Утяу (Өтеу) молданың хатында көрсетіледі. Ол былай жазады: «Егер сіздің ұлы мәртебеңізге жағымды болса, біз сізге және дәрежелі ахунға, қырғыздар арасындағы неке жылының жалғасуындағы қағидалар және оларға куәлік болған кімдер, қашан және қанша балалары туылғаны, оларға қандай есім берілгені, олардың қаншасы сүндетке отырғызылғаны, қаншасы үйленгені және қыздар тұрмысқа шыққаны, қанша адам қайтыс болғаны жазылған кітап ұсынғымыз келеді. Егер

бұл тәртіптерге қарсы болмаса метрикалық кітаптапқа барлығын жазамыз. Егер сіз бұл ұсынысты құптасаңыз, бізге тиісті бұйрық беруіңізге болады.

Алдыңғы жазбаларыңызда (1841 жылы 8 маусым №41 Утыу мырзаны тағайындау туралы бұйрық) менің сізге жыл сайын атқарған істерімді жеткізгенім айтылды, бірақ осының барлығының орындаудағы нәтижесі сіздің және қара халықтың көзінше ұқыпсыздыққа әкелмесіндеп, мен сізден тағы да келісім сұрауды дұрыс деп таптым» [3, 399 б.]. Бірақ метрикалық кітаптар Ішкі Орданы басқару бойынша Уақытша Кеңестің жеткізуі бойынша «сауатсыз қырғыз халқында әр түрлі жаңашылдықтар үрей және сенімсіздік тудыратын» қауіп әкелуінен енгізілмеді. [3, 77 б.].

Молдаларға қатысты ходжа (қожа) тұқымдарынан тұратын Бөкей Ордасындағы ресми қоғам тұрғындарының көп бөлігі діни жағдайға сөзсіз ықпал етті. 1809 жылы алынған Шекара басқармасының ресми рұқсаты бойынша кешірім алған Кіші жүздің беріш руының ағайынды старшындары Қарауылқожа Бабажанов және Тұқақожа Тлеуқожин, қазақтың үш жүзінің суфалық сенімдегі жиенінің шөбересі Мұхаммедқожа өздерінің 15 түтін туыстарымен бірге болашақ хан, Жәңгірдің әкесі Бөкей сұлтанның қарамағына қоныстанды [3, 159 б.]. Олар халифа Али мен оның әйелдерінің бірі Мұхаммед пайғамбардың қызы Фатиманың төртінші ұрпақтары кірген сеид (сеит) - қожа тобынаан болатын. Бөкей Ордасындағы қожа тұқымдарының топ саны өсті. Олар 1825 жылы 80 түтінді немесе 320 ер адамды, ал 1852 жылы 300 түтін немесе 1200-1500 ер адамды құрады[6]. Салыстыру үшін атап өтсек, 1825 жылы жалпы түтін саны 12400, ал ер адамдар саны – 44360 жетті[3, 261 б.].

XIX ғасырдың 20-жылдары сеид-қожа тобынан өзге Хан Ордасында және Талов ауылында «жалпақтал ишандары» белсенді көрінді. «Жалпақтал ишандары» Стерлибашев ауылындағы суфалық ханақтардың ықпалымен құрылған Волго-Орал аймағындағы жалпы суфалық орталықтың негізін салушылар болды [7].

Айта кететін жайт, Жәңгір хан қарамағындағы қожа топтарының құрамы мен саны туралы зертеуге өзінің үлесін қосты. 1830 жылы 14 қазанда Шекара комиссиясы оған Ордадағы «барлық ер балалар, әкесі, аталары, арғы аталарының мағынасымен» сұлтан және қожалардың тізімін жасау ұсынысымен қатынас қағазын жіберді. 1835 жылы 30 шілдеде хан айтылған тізімді жіберді және өзінің олардың толыққандылығына сенімсіз екенін де жазды[8].

Қазақтар қоныстанған басқа аймақтарда билік құрылымында және саяси өмірде айқын рөл ойнамаған қожаларға қарағанда Бөкей Хандығындағы қожалар жоғары әлеуметтік-іскери дәрежені иемденді. XIX ғасырдың 20-40 жылдары, И. Грофеевтің ойынша, олар осы жерде «экономикада, саяси қатынастарда корпоративтік құқықтағы топтар және мүдделі ықпалдылар» ретінде орнықты [7, 26 б.]. Оның мәліметтері бойынша сайид-қожалықтар өздерімен бірге 85 старшынның 8-і болатын осындай толық топты, және Кіші

жүздің басқа рулары қоныстанған қазақ тұрғындардың Қалмақтар бөлігінің 7 старшынының 2-еуін иемденді [7, 24 б.].

Жәңгір ханның жанындағы қожалар салықтан және қара жағылудан босатылды. Бұл жеңілдік бес жылдан кейін, хан өлімінен кейін, алынып тасталды, осымен байланысты олар өтініш сұрап, былай деп жазды: «Біз үшін біздің енді қарапайым халықпен теңдестірілуіміз өкінішті»[9].

Бөкей Хандығындағы дінге қатысты басқарушы жүйе туралы мына келесі факт дәлел бола алады: 1826 жылы Мәскеуге сапарда император І Николайдың таққа отыру салтанатында Жәңгір хан бастаған делегациядан Аит Мухаммед ахун Аннендық баулы үлкен алтын медалмен марапатталды, -деп хабарлайды И.С. Иванов өзінің еңбегінде [1, 12 б.].

Бұл жағдайда да біздер құжаттық рәсімделген нақтыланған фактілер таба алмадық. 1836 жылғы 17 қыркүйектегі «Сыртқы Істер Министрлігі басқармасының графы К. В. Нессельродтың Жәңгір ханға Ішкі Орданың сұлтандары мен старшындарын марапаттау туралы қатынасында» императорлық марапат алғандардың тізімі көрсетілген. Онда 9 сұлтан мен старшынның және де хат жүргізуші мен аудармашының есімдері көрсетілген. Ахундардың есімі жоқ [3, 294 б.]. Бірақ Орынбор шекара комиссиясының Орынбор әскери губернаторы В.А. Перовскийге жеткізген қосымшасында 1840 жылы Ішкі Орданың старшындары мен үлкен старшындарынан марапатталғандар тізімінде №17-ші Джабир Хаматовтың есімі бар. Ол Андреевский ленталы алтын медалмен марапатталып, тархан лауазымына бекітіледі [3, 381-384 бб.].

XIX ғасырда Жәңгір хан туралы жазғандар оны ұстанымды мұсылман деп атады. Сырт кейпі, шынында, мұсылман дәстүрлерін ұстанды, шарап ішпеді. «Біз оның денсаулығы үшін шарап көтергенде, бізге қымызбен жауап берді; ахун мен сұлтандар да солай істеді, оның ұстанымды мұсылман екенін білетін қырғыздардың ешбірінің ханның көзінше шарап ішуге батылы жетпеді», -деп Ф.А. Боллер өзінің «Ішкі Ордаға саяхат туралы жазбаларында». «Түскі тамақтан соң хан, ахун және сұлтандар мешітке құлшылыққа барды.», - деп хабарлайды еңбегінде[3, 429 б.]. Санкт-Петербургтегі Пажеск корпусында оқитын ханның балалары молдалықпен айналысты, өзінің хаттарында олардың әкесі оқу орынының директоры П. Н. Игнатьевке «Ислам сенімінің қағидалары мен шығыс тілдері» туралы жазады [3, 653 б.]. Жәңгірдің өзі Меккеге құлшылыққа барған жоқ, ал оның ұлы Ахмед-Керей Шыңғыс князь титулын иемденіп, 1873 жылы құлшылық жасады, - деп жазады Юджин Скайлер өзінің «Орыс Түркістан, Қоқан, Бұқар және Кульджге саяхат туралы жазбалар» кітабында [3, 875 б.].

Жәңгір хан мұсылман әдебиетін шығаруды қолға алды. 1844 жылы Қазанда болған уақытта хан VIII ғасырдағы заң жүргізуші Убейдюллах Садрюш-шариат имамның «Мюхтесер» кітабы басылып шыққан баспада болды деп, 1844 жылы 22 ақпанда А. К. Казембек өзінің Қазан оқу округінің

басшысы Н.М. Мусина-Пушкиннің атына жазған хабарламасында көрсетеді. Ол былайша жазады: «Бөкей Ордасының билеушісі Жәңгір хан өзінің алдыңғы жылы қаңтарда Қазанға келген сапарында менен мұсылмандар арасында маңызды, әрбір мұсылман мектептерінде классикалық шығарма ретінде оқылатын «Мюхтесерюльвикгает» (Құдіретті заң жүргізу) аталатын кітапты басып шығаруды сұрады. Жәңгір ханның қалауын орындауға ниеттеніп мен жауапкершілікпен оның ұсынысын қабыл алдым» [10].

Бұл тапсырыстың орындалуы туралы Александр Касимович Казембек өзінің 1845 жылғы 29 наурыздағы хабарламасында да айтады. Басылымның мағынасын бағалап, ол мынаны атап өтеді: «Маңызды шығарма тек Шығыста ғана емес, еуропалықтарға да белгілі, оның шығуына қатысады деп үміттенемін. Осыған байланысты мен ханның ұсынысын қабыл алдым және де мұсылман заңдары еуропалықтар қызығатын дүние және көптеген уақыттан бері ғалымдар бұл пәнді кең зерттеп жүр» [3, 435 б.]. 1844 жылы 18 қазандағы және 1845 жылы 28 ақпандағы К.А. Казембектің хаттарында Жәңгір ханның бұл еңбек туралы айтқаны жеткізіледі. Осылардың алғашқысында хан өз ойын былай білдірген: «Сіздің еңбегіңіз барлық қатынастарда да жақсы, оның орындалуы туралы хабарламадан басқа әділдік пен терең пайымды қолдану керек». Екінші хатында басылым өзінің Ордасындағы молдаларды қызықтырды деп хабарлайды: «Оны менің алдыңғы хатымда көрсеткенімдей, бар ынтасымен оқып және әділдігін салып олар өздерінің кейбір сабақтарына ескертпелер жасады. Әрқашан олардың оқу сабақтарына және ойларын кеңейте отырып, ой мен түсіндіру ісін анықтайды, сіздердің қарауларыңызға осы ескертпелерді ұсынамын». Александр Касимович бірінші хатты алып, оны Хан Ордасына 824 данамен үш сандық, поштамен 6 кітап жіберді, бұл туралы ханға 1844 жылғы 9 желтоқсандағы хатында хабарлайды [3, 431-432 бб.]. Оның хатының соңында 1100 дана алдын ала жіберілгені айтылады. Оның кітап тапсырысы бойынша хан барлығы 2000 басылым шығарды. Осы құжатта А. К. Казембек тағы бір араб жазушысының «Мюхеммедия» кітабын жазу жоспарымен бөлісті және Жәңгір ханнан бұл кітапқа тапсырыс беруін сұрады (200 данаға). Сонда да мен Жәңгір ханды мұсылмандыққа бірізді деп айтуға болмайды деп ойлаймын. Осы ойды анықтау үшін бірнеше факті келтіремін. Порттертер мұсылман нормаларына келіспейтіні белгілі. Ханның үйінде болған көптеген саяхатшылардың айтуы бойынша, Жәңгір ханның қонақ үйінде императордың порттеті, Жәңгір ханның өзінің және ұлы Сақып-Керейдің суреттері ілінгенін хабарлайды. Ханның порттеті Кеңестің де жарында ілулі болды.

Жәңгір ханың ықпалымен салынған мешіттер мұсылман салттарымен толық келіспейді. Салушының өлімінен соң Ордада болған М. Я. Киттар мынадай сипаттама қалдырды: «Бақтың дәл ортасында Ордадағы әсем ғимарат мешіт салынған. Бұл ғимарат еуропалық архитектура үлгісінде, оның жоспарын Жәңгір ханның өзі құрған. Ол кірпіштен тұрғызылған, іші және

сырт жағынан тегістелген, бірнеше төрт бұрышты құрылыс, төбесі алты үлкен иониттік ордер колонмен тұрғызылған» [3, 844-845 бб.].

Бөкей хандығының билеушісінің істерінен өзінің қарамағындағыларды рухани іспен басқаруға талпынысы анық көрінеді. Ол жоғары рухани билікке көптеген істерді шешуге құқық берді. Мысалға зекет жинау тәртібін ретке келіруін атауға болады. Орынбор және Самара генерал-губернаторы В. П. Перовский мемлекеттік меншік министрі П. Д. Киселев графқа осы туралы былай деп жеткізеді: «...қырғыздар көшпелі халық ретінде ешқашан және еш жерде ешкімге ештеңе төлемеген. Қатаң орыс үкіметімен Жәңгір хан алғаш ойлап және қырғыздардан өзінің пайдасына ақша жинап үлгерді, және де бұны халықтық дәстүрлерге қайшы келгендіктен мұсылман дінінің қағидаттарымен жапты. Қырғыздардың мұсылман есептелетінін пайдаланып олардан жыл сайын кедейлер үшін, құлшылық үшін, мешіт пен училищені ұстап тұру үшін қаражат деп зекет жинап отырды. Оралдың жанында ешқашан зекет жинау болмаған және мұсылман жарлығы бойынша бір имамның (жоғары рухани билік) қолында болды. Бұл жинағанды тарату елдің жоғары билеушісімен құрылды. 1834 жылға дейін зекет малмен төленді. 1840 жылдан бастап зекет әр рудан жиналынды. 1840 жылы Жәңгір хан халықтың пайдасы үшін жасалған Санкт-Петербургке сапарында қарыздарды төлеу үшін бұл жылы зекетті малмен емес ақшалай алатынын жариялады. 1841 жылдан зекетті ақшалай алу біржола орнады» [3, 813 б.].

Бұл жинақты тағайындау ханның қарауына байланысты болды. Сонымен қатар ол «олармен жиналған Ордадағы (оның әрбір руы мен бөлімшесі) мал саны туралы мәліметтерді негізінде жылқы мен түйеден жинаққа 1 рубльден көп болуына, ал сиырдан 50 тиын және қой мен қозыдан 15 тиын болуына талпынды» [3, 792 б.].

Бірақ, бөкейліктерден жиналған зекеттің бөлігі мұсылман мәдениетіне қызмет етушілер қаражатына кеткенін атап өтеміз. Ордадағы соборлық мешіттің ахуының қаражатына ханның айтуымен төленгіт руы зекетті соның пайдасына төледі [3, 291-296 бб.].

Хан рухани саланы өзі басқарып, мешіттерді салуға рұқсатты өзі берді. Көп уақыт Бөкей Хандығында тұрақты мешіт болмады. Өз тәжірибесіне сүйене отырып, мешіт құрылысына рұқсатты беруді алдағы уақытта Бөкей билеушісінің өзі берді. 1833 жылы хан Бұқсақ өзенінің сол жағасында Кабул Аتكельтиров (Қабыл Аتكелтіров) молдаға мешіт салуға рұқсат берді [3, 348 б.].

1834 жылы Бөкей даласымен жүріп өткен К. Гибель өзінің «Ішкі Қырғыз Ордасының ханы Жәңгір ханның ордасына сапар» деген еңбегінде қызықты жағдайды сипаттайды: «Кешкі сағат алтыларда біз үлкен құлшылық залында құлшылық жасап жатқан молданың дауысын естідік. Бұл молда ханның өзі болатын, басында мен ол ақ жібек халма оранғандықтан танымадым. Бұл бөлмеде үлкен самаурын қайнап жатты және адамдар арлы-бері жүргеніне мен

таң қалдым. Мешіт әлі жоқ, бірақ хан тұрғызуды ойластырды» [3, 835 б.]. Бұл жерден біз мұсылмандық мәдениеттің бұзылғанын көреміз.

Мүмкін Жәңгір ханның осындай өзінің басқарушылыққа Ордада тұратын Джабир Хаммадовтың талпынысының нәтижесіздігінен болар. 1828 жылы 17 қаңтарда Жәңгір Орынбор шекара комиссиясына собор имамы және ахуны атаулары туралы бұйрық беруді сұрады. Орынбор шекара комиссиясының төрағасы полковник Генс өзінің 1828 жылғы 26 мамырдағы қатынасында Орынбор әскери губернаторы бұл өтінішті қанағаттандыратынын хабарлады. Полковник Генстің айтуы бойынша әскери губернатор Хамматовты өзі 1824 жылы бекітілген рухани лауазымға қоюды бұйырды [3, 321 б.].

Сонымен қатар, Жәңгір хан қазақ руларында және бөлімшелерінде молдаларды өзі тағайындады. Ішкі Орданы басқару бойынша Уақытша Кеңес Орынбор шекара комиссиясына 1850 жылғы 23 желтоқсандағы хабарламасында Жәңгір ханмен бекітілген 113 адамның мерзімі мен атаулы тізімі келтірілген. Бұл құжат бойынша ең ертесі 1840 жылдың 26 мамыры және ең соңғысы – 1845 жыл 26 маусым [3, 775-779 бб.]. Мұсылман сенімінің негізінен тағайындауда емтиханды хан қабылдады. Ол туралы А. Евреинов хабарлайды [3, 71 б.]. Ол кезде Ресей императорының тәртібі бойынша молданы тағайындау үшін ұйымдастырушы жақтан (Орынбордан) рұқсат алу және үміткер Уфадағы Ислам рухани жиналысынан өтуі керек болды.

Жалпы Жәңгір ханның Орынбор және Самара генерал-губернаторы В. А. Перовскийге қызметі Мемлекеттік мүлік министрі П. Д. Веселевке хабарламасында қарама-қайшы сипатта беріледі, сондықтан жоғарыда келтірілген фактілермен келісу қиын. «Мұндай мінез мұсылманға тән емес, Жәңгір ханның Ордада мұсылмандықты таратуы оның істері бұны есеп екенін көрсетеді. Жәңгір хан молдалармен халықты бағындыратынын білді. [3, 815 б.].

Сонымен, аталғандарды қорыта келе, Жәңгір ханның қазақтардың арасында дінді таратуы - бұл ресми билеушілік діни саясат болды.

XIX ғасырда Жәңгір хан туралы жазған көптеген авторлар оның білімді таратуға көп күш жұмсағанын атап көрсетеді. М.С. Бабажанов «Қырғыздың қырғыздар туралы ескертпесі» мақаласында, мысалы, ол «татарша сауат ашу, ислам қағидаларын және орыс тілін және жаза білуді үйрену ешкімге қорлық және ешқашан кешеместігін қырғыздарға дәлелдеп, өзі үлгі болғанын» атап көрсетеді. «Жәңгір Бөкеевтің хандық бекітуінен бастап соңғы уақытта біздің оқыту тез және кең ауқымда болды», -деп жазады мақала авторы. Ханның ықпалы және басқа да жағдайларда ордадағылар сауаттылықтың қажеттілігін түсінді. Оқушыларды кебейту және оқыту үшін Жәңгір хан ақшасын да, ордалықтарға білімнің пайдасын түсіндіруде талпынысын да аямады. Өзінің ордасында ол исламның діни қағидаларын, орысша сауаттылықты және орыс тілін оқытатын мектеп ұйымдастырды. «Хан оқушыларға құрмет көрсетті, ордалықтарды балаларын өзінің балалары оқитын Ордадағы мектепке беруге

үгіттеді», - деп жазады «1842 жыл мен 1851 жылдың 1 мамыры аралығындағы Ішкі Орданы басқаруға шолуды» құрастырушылар [3, 795 б.]. Оның білім саясатында басқару саласында қазан мұсылман күштеріне ықпалды ұстап тұру талпынысы анық қарастырылды. Рубасылардың сауатсыздығынан оларға молдалар белгіленген рөл ойнады. «Құран оқитындар және оны түсіндірушілер дана деп есептелді. Сұлтандар сауатты болмаса даналықтарымен қарапайым адамдардан еш айырмасы болмады. Қағаздарға өздерінің мөрлерін қояды, ал хат пен істерді молдалар оқиды және оларға жауап береді», - деп көрсетеді А. Терещенко [3, 867 б.].

И. М. Бикмаев: «Қырғыз балаларының алғашқы сауаты үшін және алдағы уақытта ресей оқу орындарында білім алу үшін қаражат төлеп отыру Жәңгір ханмен 1841 жылы бекітілді. Ханның Орда жанындағы училищені салуда, өзіне қырғыздардан пайдалы шенеунік дайындау мақсаты болды. Училищеде ханның есебінен болды. Киімнен басқасының бәрі ханнан қаражаты есебінен болды. Орыс пәндері үшін мал дәрігері Ольдеков, мұсылмандар үшін Садратдин молда мұғалімдікке тағайындалды. Садратдин – Ислам ілімі мен ережелерін, татар, парсы, араб тілін үйретсе, ал Ольдеков – орыс тіліне, арифметика мен география және тарихтың бастапқы негіздерін үйретті» -деп жазады [3, 706-707 бб.].

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келгенде XIX ғасырда Бөкей Ордасының діни-рухани мәселелері Ресей үкіметінің саяси ықпалында болып қала берді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Иванов И. С. Джангир, хан Внутренней киргизской орды Букеевской орде 200 лет. Книга 2. Алматы, 2001, с. 135 .
2. Бабаджанов М. С. Заметки киргиза о киргизах. Северная пчела. 1861, №4.
3. История Букеевского ханства. 1801-1852 гг. Сб. документов и материалов. Сост. Б.Т. Жаналин, В.А. Иночкин, С. Х. Сагнаева. Алматы, 2002.
4. Бекмаханова Н. Е. Источники о кочевом и оседлом населении Казахстана и Киргизии XIX в. Численность и этнический состав. М., 2003, с. 5 .
5. Евреинов А. Внутренняя или Букеевская киргиз- кайсацкая орда. Современник, 1851 ж. XIX в. №10, с.71 .
6. Нургалиева А. Ислам в Букеевском ханство. Мысль. – 2007. - №2. – с. 39 .
7. Ерофеева И. В. Родословная казахских ханов и кожа ХУІІІ – ХІХ (история, историография, источники). Алматы, 2003, с.26 .
8. ҚР ОММ. 4 қ., 1 т., 2122 іс, 1 б.
9. ҚР ОММ. 78 қ., 2 т., 566 іс, 3 б.
10. ҚР ОММ. 92 қ., 1 т., 5595 іс, 1 б.

ИСЛАМ В БУКЕЕВСКОЙ ОРДЕ В ПЕРИОД ПОЗДНЕГО СРЕДНЕВЕКОВЬЯ И В НОВОЕ ВРЕМЯ (1801-1917 гг.)

Аннотация. Исторические документы подтверждают колониальные цели российского правительства в развитии мусульманства на казахской земле. Религиозно-политическая система в Букеевской Орде формировалась под непосредственным влиянием колониальной администрации. Это вызывало недовольство местного населения и приводило к систематическим восстаниям.

Ключевые слова: Букеевская Орда, Российское правительство, Оренбургский муфтият, указные муллы, мечеть, ахун.

ISLAM IN THE BOKEY HORDE DURING THE LATE MIDDLE AGES AND MODERN TIMES (1801-1917)

Abstract. The historical events show that the Russian Government developing Islam in the Kazakh land deepened its colonization. The Religion policy system was created by the task of the government in Bokey horde. The Kazakh people showed their displeasure against the policy.

Keywords: The Bokey Horde, the Russian Government, the myftiat of Orenburg, assigned mullahs, mosque, ahun.

Сведения об авторе: Ахан Жарас Иебергенұлы, ст. преподаватель Высшей школы социально-гуманитарных наук Международного университета «Астана». г. Астана, Казахстан, Akanovzharas@mail.ru

Information about the author: Akhan Zharas Iebergenuly, Senior Lecturer at the Higher School of Social Sciences and Humanities of the Astana International University. Astana, Kazakhstan, Akanovzharas@mail.ru